



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
САЛЫҚ КОДЕКСІ

Мемлекет басшысы жаңа Салық кодексіне және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

ПРЕЗИДЕНТ ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІН БЕКІТТІ

Салық кодексі салықтық әкімшілендіруді жаппай жеңілдетуді көздейді. Атап айтқанда, салық есептілігінің көлемі 30 пайызға қысқарады, салықтардың саны 20 пайызға азаяды, жеңілдіктер мен алымдар онтайландырылады. Елеулі өзгерістер корпоративтік және жеке табыс салықтарынан бастап инвестицияларды ынталандыру және салық жүктемесін қайта бөлу секілді барлық негізгі бағытты қамтиды.

Қосылған құн салығының (ҚҚС) жаңа базалық мөлшерлемесі 16 пайыз болып бекітілді.

Дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтерге төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді: 2026 жылдан – 5 пайыз, 2027 жылдан – 10 пайыз.

Бұл ретте Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) мен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӨМС) аясындағы қызметтер, Үкімет айқындайтын тізбе бойынша орфандық және әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу, сондай-ақ баспа түріндегі кітап шығару, археологиялық жұмыс жүргізу қызметтері ҚҚС-тан босатылады.

Мерзімді баспа баслымдарды өткізу бойынша 10 пайыз деңгейінде төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленеді. ҚҚС бойынша міндетті есепке қою үшін айналымның төменгі шегі 10 мың айлық есептік көрсеткішке (40 миллион теңге) дейін төмендетіледі.

Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорынан (БЗЖҚ) төленетін зейнетақы төлемдері жеке табыс салығынан (ЖТС) босатылады. Пайдаланылу мерзімі 10 жылдан жоғары автомобильдер үшін көлік құралы салығы төмендетіледі. Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік салықтық шегерімдер 882-ден 5000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды.

Салықтардың саны азайды: бірыңғай жер салығы қысқартылды, жеке төлемақылар бойынша мөлшерлемелер мен алымдардың саны кемітілді.

Арнаулы салық режимдері онтайландырылды. Енді олар үш жағдайда қолданылады: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, оңайлатылған декларация негізінде және шаруа қожалықтары үшін.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар төлемдерді мобильдік қосымша арқылы есептеп, төлей алады.

Сонымен қатар корпоративтік табыс салығы (КТС) 20 пайыз деңгейінде сақталады. Алайда сараланған салықтық мөлшерлемесі енгізіледі.

Атап айтқанда, банктер (бизнес субъектілерін кредиттеуді қоспағанда) мен ойын бизнесі үшін – 25 пайыз. Әлеуметтік сала ұйымдары үшін 2026 жылы 5 пайыз мөлшерінде белгіленіп, 2027 жылы 10 пайызға дейін ұлғаяды. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 3 пайыз жеңілдетілген мөлшерлемесі қалады.

Қор нарығын ынталандыру үшін биржалық құнды қағаздарға төленетін дивиденттерге салық жеңілдіктері сол күйі сақталады. «Бәйтерек» холдингі шығарған құнды қағаздардан түсетін кіріс 2031 жылға дейін КТС-тен босатылады. Пайдалы қазбаларды өңдеу мен геологиялық барлау саласы үшін қосымша преференциялар қарастырылған. Атап айтқанда, тиімділігі төмен жаңа учаскелер 5 жылға пайдалы қазбаларды өндіру салығынан босатылады.

Жеке табыс салығының (ЖТС) прогрессивті мөлшерлемесі енгізіледі. Жылдық жалпы табысы 8500 айлық есептік көрсеткіштен асатын азаматтарға 15 пайыз салық мөлшерлемесі қолданылады. Сол сияқты дивиденттері мен табыс көлемі жылына 230 мың АЕК-тен асатын кәсіпкерлер осындай мөлшерде салық төлейді. Ал фермерлердің осы межеден асатын табысына бұрыннан сақталған 70 пайыз жеңілдікті есепке ала отырып, 4,5 пайыз салық салынады.

Жеке тұлғалар үшін қымбат өнімдерге, атап айтқанда құны 75 миллион теңгеден асатын автокөліктерге, құны 100 миллион теңгеден асатын кемелерге, әр литрінің құны 500 мың теңгеден асатын алкогольге, әр данасының құны 10 мың теңгеден асатын темекі өнімдеріне 10 пайыз акциз түрінде салық салынады. Сонымен қатар жалпы құны 450 миллион теңгеден асатын жылжымайтын мүлік нысандарына мүлік салығы жоғарылайды.

Салықтық әкімшілендіру тәсілдері айтарлықтай өзгереді. Камералдық бақылау ескерту сипатында болады. Салықтық берешекті өндіріп алу, төлемді кейінге қалдыру және бөліп төлеу мүмкіндігін беру процедуралары жеңілдетіледі. Салық берешегі аз болса, бизнестің есепшоттары бұғатталмайды. Қарыз сомасына қарай ескерту және басқа да шаралар кезең-кезеңімен қолданылады.

ЖҰМЫС САПАРЫ

ЭКОЛОГИЯ МИНИСТРІ БУЛАЕВ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА БОЛДЫ



Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев өңірдегі қиындар маңында өндірістің нысандарды аралады.

Сапардың алғашқы нысаны «Булаев орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болды. Министр мекеме қызметімен танысып, орман көшеттерін көрді, орман қорын қалпына келтіру, жасыл желектерді күтіп-баптау және орман өртеріннің алдын алу шаралары бойынша ақпарат алды. Сонымен қатар, орман шаруашылығының өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға қосып отырған үлесіне ерекше назар аударылды.

«Булаев орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Ербол Бапанов соңғы екі жылда орман шаруашылығы аумағында өртке жол берілмегенін айтты. Сондай-ақ ол мекеменің қызметін тиімді әрі сапалы атқару үшін мемлекет тарапынан зор қолдау жасалып жатқанын тілге тиек етті. Мәселен, жыл сайын орман шаруашылығы жаңа техникалармен және құрал-жабдықтармен жарақталып, биыл орманшыларға жаңа мотоциклдер берілген екен.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі Е.Н. Нысанбаев орманшылармен кездесуде Мемлекет Басшысының мемлекеттік орман қоры аумағында екі миллиард ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасының орындалу барысын және Солтүстік Қазақстан облысында орманды қалпына келтіру жұмыстары үшін қошет материалын тәлімбақтарда өсіру мәселелерін талқылады.

Содан кейін Ерлан Нұрәліұлы жаңа орман өрт сөндіру станциясының құрылысы бары-

сымен танысып, тапсырыс берушілермен және мердігерлермен кездесті.

Булаев қаласында өрт сөндіру станциясының құрылысы табиғи өрттердің алдын алу және жою жөніндегі кешенді шаралар шеңберінде жүргізілуде. Нысан заманауи бақылау құралдарымен жабдықталатын болады – яғни мұнда көру аумағы 360 градусы құрайтын төрт бақылау камерасы орнатылмақ. Олар 15 шақырымға дейінгі радиусты түтін мен өрт шығу ошақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

- Солтүстік Қазақстан облысындағы орманды алқаптарда орын алған өрттерді дер кезінде анықтау үшін осындай заманауи жүйені енгізу жұмыстарын 2027 жылға дейін толығымен аяқтау қажет, - деді Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев.

Сондай-ақ Министр, мұндай инфрақұрылымды дамыту орман алқаптарын қызыл жалыннан қорғау үшін өте маңызды екендігін де тілге тиек етті. Аталмыш аудандағы орман өрт сөндіру станциясының құрылысы осы жылдың соңы айында басталған болатын. Жоба құны - 214 миллион теңге құрайды.

Орман өрт сөндіру қосымша іске қосылғанда мұнда кезекшілікке бір мезетте жеке құрамның 6 адамы жұмылдырылатын болады. Сонымен қатар нысан екі өрт сөндіру көлігі, бір трактормен жабдықталмақ. Жаңа нысанның құрылысы биыл күзде аяқталады деп жоспарланып отыр.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



КЕҢЕСТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕН БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІН ӨЗГЕРТУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Жиналысты аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Нуржихан Кукла ашып, күн тәртібінде 2025 жылдың 2 тоқсанындағы «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ-де көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы және Булаев қаласы мәртебесін жоғалту бойынша сұрақтар қаралды.

Алғашқы сұрақ бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Елена Умовист сөз алып, жан-жақты баяндама жасады. Оның айтуынша, мекеме халыққа 17 мемлекеттік қызмет көрсетеді екен.

- 2025 жылдың 2 тоқсанында барлығы 226 мемлекеттік қызмет көрсетілген, оның ішінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы – 45 қызмет немесе жалпы санының 19,9%, электрондық түрде көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелері арқылы – 97 қызмет немесе 42,9%, электрондық үкімет порталы арқылы – 84 қызмет немесе 37,2%.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы 45 қызмет көрсетілді, атап айтқанда:

1. Еңбекші көшіп келушілерге рұқсат беру және ұзарту – 45, оның ішінде кіші тұлғалар: еңбекші көшіп келушілерге рұқсат беру – 43, еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттарды ұзарту – 2.

Ақпараттық жүйелер арқылы 97 қызмет көрсетілді, оның ішінде:

1. Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау – 73;

2. Үйде күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу – 13;

3. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау (ЕДБ, Банктің smart қосымшасы арқылы) – 5;

4. Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі азаматтарға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу – 6.

«Электрондық үкімет» порталы арқылы 84 қызмет көрсетілді, оның ішінде:

1. Мүгедек адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу – 20;

2. Мүгедектің бар адамдардың техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу – 26;

3. Мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу – 2;

4. Мүгедектігі бар адамдарды арнайы жүріп-түру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу – 5;

5. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау – 19;

6. Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу – 8;

17 шілде күні «AMANAT» партиясының мәжіліс залында аудандық қоғамдық кеңестің кезекті отырысы болып өтті. Жыныс қоғамдық кеңестің мүшелерімен қатар, шақырылғандар және «ZOOM» байланысы арқылы Мемлекеттік қызмет агенттігі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментінің мемлекеттік қызметтер басқармасының бас маманы Әсел Әубәкірова қатысты.



7. Мүгедектігі бар адамдарды есту қабілеті нашар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу – 1;

8. Мүгедек балаларды үйде оқытуға жемісін шығаруға өтеу – 1;

9. Жүріп-түру қиын бірінші топтағы мүгедек адамдардың жеке көмекшісінің қызметтерімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу – 2.

Сондай-ақ бөлімде портал арқылы мемлекеттік қызметтерді алу үшін өзіне-өзі қызмет көрсететін ұйымдастыру техникасымен жабдықталған аймақ бар. 2025 жылдың 2 тоқсанында өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы арқылы аудан азаматтарына 84 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыспен қамту бөлімі ұсынатын мемлекеттік қызметтер туралы 3 мақала жарияланған.

QR кодтары мен мемлекеттік қызмет стандарттары бар стендтер, өтініштердің үлгілері, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағымдану тәртібі, көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызмет алуға құқықтары және шағымды тіркеуге жауапты тұлға көрсетілген шағымдар кітабы бар. Қызмет алушылар үшін үстелдер, орындықтар, күтуге арналған жұмсақ орындықтар орнатылған.

Азаматтардан ұсыныс жөшігі бар, аудандық «Вести» және «Мағжан Жұлдызы» газеттерінде тоқсан сайын «Сенім» телефондары, бөлімбасшысының және басшының орынбасарының азаматтарды қабылдау кестелері жарияланады. Мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданыстағы нормаларына сәйкес белгіленген мерзімде көрсетіледі.

Есепті кезеңде мемлекеттік қызмет көрсетуге шағымдар түскен жоқ, - деді Елена Анапольева.

Мемлекеттік қызмет агенттігі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментінің мемлекеттік қызметтер

басқармасының бас маманы Әсел Әубәкірова мемлекеттік қызметтерді уақытылы әрі сапалы көрсетуге үлкен назар аудару қажеттігін айтып, бұл сұрақтарды үнемі бақылауда ұстауды тапсырды.

Екінші сұрақ бойынша Булаев қаласының әкімі Азамат Бірімжанов баяндама жасап, Булаев қаласының мәртебесін жоғалту туралы сөз қозғады.

- Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев ауданының аудандық маңызы бар қаласы бірнеше жыл бойы халық саны бойынша қала мәртебесіне сәйкес келмейді, яғни халықтың аздығына байланысты өз мәртебесін өзгерту қажеттігі бар.

Статистикалық деректер бойынша Булаев қаласының халық саны 2025 жылғы 1 қаңтарға 8540 адамды құрады (01.01.2022 жылға - 8624 адам, 01.01.2023 жылға - 8594 адам, 01.01.2024 жылға - 8547 адам), 2025 жылғы 1 мамырға қала халқының саны 8564 адамды құрады, талдау көрсеткендей, қала халқының саны орта есеппен жылына 35 адамға азайып келеді. «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 14-2 бабына сәйкес аудандық маңызы бар қала мәртебесін өзгерту бес жыл ішінде осы Заңның 3 бабының 3) тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда жүзеге асырылады - аумағында өнеркәсіп кәсіпорындары, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының, мәдени-ағарту және сауда объектілерінің дамыған желісі бар, халқы кемінде 10 мың адам болатын елді мекендер кіретін аудандық маңызы бар қалалар.

Мәртебесі өзгерген жағдайда азаматтар ауыл тұрғындары үшін заңнамада көзделген мемлекеттік әлеуметтік қолдауға ие болады. Мәселен,

әкімдіктердің шешімдері бойынша денсаулық сақтау, білім беру, спорт, мәдениет, әлеуметтік қамсыздандыру саласы қызметкерлерінің жалақысына кемінде 25% үстемеақы қосылады.

Бұдан басқа, тұрғындар коммуналдық төлемдер бойынша жеңілдіктерді қызметтік тұрғын үй, «Дипломмен ауылға», «Еңбек» бағдарламасы бойынша кәсіптік білім алу, ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті қолдау және дамыту үшін пайдалана алады.

Аудан және қала әкімінің есептік кездесулерінде Булаев қаласы мамандарының «Дипломмен ауылға!» бағдарламасына қатысуы, сондай-ақ ауылдық 25% қосымша ақы төлеу бойынша мәселелер үнемі көтеріліп келеді.

Қаланың ауылға мәртебесі өзгерген кезде, оның оң жақтары бар:

- Әлеуметтік сала қызметкерлерінің жалақысын ұлғайту (білім беру, денсаулық сақтау); әлеуметтік қорғау, ветеринария, кітапхана);

- Жоғары оқу орындарына түсу кезіндегі ауылдық қолдау;

- «Дипломмен ауылға!»;

- «Ауыл-ел бесігі» жобасына қатысу.

Қала мәртебесін жоғалтқан жағдайда есептеулер бойынша жалақы қосымша шамамен 391,8 млн. теңге қажет болады. Анықтама: әлеуметтік қорғау саласы – 75 штат бірлігі, жылдық қосымша қажеттілік – 11 903,8 мың теңге; мәдениет (аудандық мәдениет үйі) – 24,5 штат бірлігі, жылдық қосымша қажеттілік – 3 933,6 мың теңге; орталық кітапхана жүйесі – 54,75 штат бірлігі, жылдық қосымша қажеттілік – 4 803,6 мың теңге; орталық аудандық аурухана – 160,25 штат бірлігі, жылдық қосымша қажеттілік – 134 042,4 мың теңге; білім беру – 529,24 штат бірлігі, жылдық қосымша қажеттілік – 201 228,0 мың теңге; ветеринария – 55 штат бірлігі, жылдық қосымша қажеттілік – 35895,3 мың теңге.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде аудандық маңызы бар қала - Булаевты ауыл санатына жатқызуды туралы ұсыныс енгіземін, - деді Азамат Тоқшұлы.

Булаев қаласының мәртебесі көп жылдан бойы талқыланып келе жатқанын айтқан Нуржихан Кукла ауыл болып өзгерген жағдайда, әлеуметтік сала мамандарына үлкен қолдау болатынын жеткізді.

Аудандық қоғамдық кеңестің мүшелері кезек-кезек сөз алып, жергілікті халықтың өл-ауқаты артып, жас мамандарды «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы тартуға болатынын айтты.

Бір сөзбен айтқанда, Булаев қаласы мәртебесінің ауылға айналуында тек оң басымдықтар бар екені сөзсіз. Сондықтан бұл маңызды мәселенің жан-жақты талқыланып, оң шешім қабылданатын күн алыс емес сияқты. Енді бұл сұрақ алдағы уақытта аудандық мәслихат депутаттарының қарауына берілмек.

Еркебулан ЕЛУБАЕВ,
аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ТАРАТҚАНДАРҒА ЖАЗА КҮШЕЙДІ: БЛОГЕРЛЕР МЕН ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМА ПАЙДАЛАНУШЫЛАРЫНА ЖАҢА ТАЛАПТАР ЕНГІЗІЛДІ

Соңғы уақытта шындыққа сай келмейтін ақпарат пен жалған медиа контенттің таралу фактілері жиілеп кетті. Осыған байланысты елімізде ақпараттық кеңістікті реттеуге бағытталған жаңа құқықтық тетік енгізілді.

2023 жылғы қыркүйектен бастап Қазақстанда «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» жаңа заң күшіне енді. Аталған заңда бірқатар жаңа ұғымдар заңнамалық деңгейде бекітілді. Олардың қатарында – «инфлюенсер немесе блогер» және «жалған ақпарат» ұғымдары бар.

Инфлюенсер немесе блогер деген кім?

Заң бойынша, инфлюенсер немесе блогер – ақпаратты тұлғалардың белгісіз тобына көсіпкерлік мақсатта жариялайтын және онлайн-платформаны пайдаланатын тұлға.

Жалған ақпарат қалай анықталады?

Жалған ақпарат деп шындыққа сай келмейтін немесе фактілер едәуір бұрмаланған, нәтижесінде қоғамда жалған түсінік қалыптастыратын мазмұндағы дерекке айтылады.

Онлайн-платформа деген не?

Онлайн-платформа – бұл интернет-ресурс, желідегі бағдарламалық қамтылым немесе лездік хабар алмасу қызметі, ол арқылы контент жасауға, орналастыруға, таратуға және сақтауға болады.

Негізгі қағидалар қандай?

Заңда демократиялық принциптер сақталған. Атап айтқанда, сөз бостандығы, ақпаратты еркін алу және тарату құқығы бекітілген. Пайдаланушылар онлайн-платформаларда өз пікірін білдіруге құқылы. Алайда бұл құқықпен қатар, әр азаматқа – оның ішінде блогерлер мен контент жасаушыларға да – жауапкершілік жүктеледі.

Жауапкершілік түрлері қандай?

Егер адам таратқан ақпарат шындыққа жанаспаса және оның нәтижесінде басқа азаматтардың конституциялық құқықтарына нұқсан келсе, бұл үшін

жауапкершілік қарастырылған.

Мысалы, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБТК) 456-2-бабына сәйкес жалған ақпарат таратқан тұлғаларға қатысты:

- 20-дан 250 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін айыппұл салынады (2025 жылы бұл – шамамен 78 000 теңгеден 980 000 теңгеге дейін);

- бір жыл ішінде қайталанған жағдайда – 15 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу көзделген.

Қылмыстық жауапкершілік те бар

Егер жалған ақпарат көрінуі түрде таратылып, қоғамдық тәртіпті бұзуға, азаматтарға, ұйымдарға немесе мемлекетке елеулі зиян келтіруге қауіп төндірсе, бұл өрнек Қылмыстық кодекстің 274-бабы бойынша сараланады. Мұнда «көрінуі жалған ақпарат» дегеніміз – адамның өзі таратқан ақпараттың жалған екеніне



толық сенімді бола отырып таратуы. Мұндай фейк контенттің қауіптілігі – қоғамға манипулятивті әсер етуінде.

Қазіргі заманғы цифрлық кеңістіктегі әрбір азамат, әсіресе, блогерлер мен контент жасаушылар ақпараттың шыншылдығына ерекше жауапкершілікпен қарауы тиіс. Енді сіз жалған ақпарат пен сенімді дереккөзді ажырату жолдарын білесіз. Ең бастысы – фейктерді таратудан өзіңізді және айналаңызды сақтаңыз.

ТҰРҒЫН ҮЙДІ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ҚҰҚЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРДІ

Егер мемлекеттік қызметке жүгініп, Сіздің құқықтарыңыз бұзылғанын анықтасаңыз не істеу керек? Оларды қалпына келтіруге қаншалықты тез және тиімді қол жеткізуге болады?

Сурақтарға Департамент көрсетілетін қызметті алушының мүддесін қорғаған соңғы жағдай жауап береді.

Ағымдағы жылдың шілде айында Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру» мемлекеттік

қызмет нәтижесін бір айдан артық уақыт бермеу мәселесі бойынша қала тұрғыны Департаментке жүгінген болатын.

Бұл ретте, Қағидаларға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі күнтізбелік 30 күнді құрайды.

Заңнаманың көрсетілген талаптарына қарамастан, Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметті алушының өтінімін қарамаған.

Жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша Департамент тұрғын үй

комиссиясының отырысын өткізуге бастамашылық етті. Көрсетілетін қызметті алушының заңды мүдделерін қалпына келтіруге көмек көрсетілді.

Егер мемлекеттік қызметтерді алу кезінде сурақтар туындаған жағдайда азаматтар Департаментке «EgovKzBot2.0» Telegram-боты платформасы арқылы немесе 36-01-62 телефонына хабарласа алады.

Ержан ҚАРЫМСАҚОВ,
Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігі СҚО бойынша департаментінің басшысы.



АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ҰЛТТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗДАР!

1 тамыздан бастап 20 қазанға дейін елімізде Қазақстан Республикасының 2025 жылғы Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өтеді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ! САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!
Сельское хозяйство – богатство страны! Внеси вклад, участвуй в переписи!

Ауыл шаруашылығы санағы

1 тамыз-31 тамыз	20 қыркүйек-20 қазан
sanaq.gov.kz сайтында санаққа онлайн түрде қатысу	Үй шаруашылықтарында интервьюерлердің сауалнама жүргізуі

Сельскохозяйственная перепись

1 августа-31 августа	20 сентября-20 октября
Участие в переписи онлайн на сайте sanaq.gov.kz	Проведение опроса домашних хозяйств интервьюерами

1446
www.sanaq.gov.kz

1-31 тамыз аралығында sanaq.gov.kz сайтында сауалнаманы on-line форматта дауыс беру арқылы өз бетінше өту мүмкіндігі бар. Сайтқа кірген кезде заңды тұлғалар, фермерлер, үй шаруашылықтары жүйеге тіркеліп, ЭЦҚ, QR-код немесе СМС арқылы авторлануы қажет. Сонымен қатар, сауалнаманы жергілікті әкімдіктер мен аудандық статистика бөлімшелерінің ғимараттарында ұйымдастырылған өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарының бірінде өтуге болады.

Егер респонденттерде сауалнама парағын толтыру кезінде сурақтар туындаса, олар арнайы дайындалған ЖИ (жасанды интеллект) көмегімен жауап беретін Sanaq-Murza виртуалды көмекшісі арқылы егжей-тегжейлі кеңес ала алады. Сондай-ақ, Бюроның байланыс орталығына 1446 нөмірі бойынша хабарласуға болады. Қоңыраулар сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін, on-line-сауалнама кезеңінде 24/7 форматта да қабилданады. Сондай-ақ, аудандық статистика басқармасына хабарласуға болады.

Екінші кезең - интервьюерлердің үй шаруашылықтарын жеке аралауы, ол 2025 жылғы 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында өтеді. Оны өткізу үшін облыста, олар үшін арнайы оқыту өткізілетін, жұмыссыз азаматтар, студенттер, сондай-ақ барлық ниет білдірушілер қатарынан интервьюерлер ретінде 170-ке жуық адамды тарту жоспарлануда. Сауалнама алдын ала бағдарламаланған сауалнама бойынша планшеттерді пайдалана отырып жүргізіледі.

Үшінші тұлғалардың алаяқтық әрекеттерін болдырмау үшін негізгі кезеңде интервьюерлер үшін киім-жарақ қарастырылған: кепкі, көкірекше, планшетке арналған портфель, барлығында санақ логотипі бар. Статистика департаментінің мөрімен және QR кодпен расталған интервьюердің нөмірі, фотосуреті бар бейджд-куәлік, ол бойынша осы интервьюер жөнінде ақпарат алуға болады.

Ұлттық статистика бюросы алынған деректердің анонимділігіне және олардың қатан статистикалық мақсатта пайдалануына кепілдік береді. Сандр респонденттің бастапқы деректерін ашпай-ақ өңделеді және жиынтық түрде жарияланады. Деректер салық немесе басқа мемлекеттік органдарға берілмейді.

2025 жылғы ұлттық ауыл шаруашылығы санағы - бұл стратегиялық маңызды іс-шара, ауданның барлық тұрғындары мен кәсіпкерлерін өздерінің азаматтық ұстанымының көрсетіп, белсенді қатысуға шақырады.

Интервьюерлер мен нұсқаушылар ретінде санаққа қатысқысы келетіндердің барлығы біздің 1446 байланыс орталығында, sanaq.gov.kz сайтында өтініш қалдыра алады, 8 (7172) 36-11-29 нөміріне қоңырау шалуға болады немесе аудандық статистика басқармасына хабарласуыңыз.

Марал НҰРЖАУЫПОВА,
ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары.

ҚАЗАҚСТАНДА КЕЙБІР ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ САЛЫҚТАН БОСАТЫЛДЫ

Келесі жылдан бастап БЖЗҚ-дан алынатын қаражат 10% мөлшеріндегі жеке табыс салығымен (ЖТС) салық салуға жатпайды. Тиісті өзгерістер жаңа Салық кодексі аясында қабылданды.

Қазақстанда мемлекеттік зейнетақыға салық салынбайды, алайда зейнетақы төлемдеріне Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗҚ) салық салынады.

Атап айтқанда, қазіргі кезде қазақстандықтар тұрғын үй жағдайын жақсарту немесе емделу мақсатында жинақтарының бір бөлігін алған кезде 10% мөлшерінде жеке табыс салығын төлейді.

Алайда мұндай жағдай тек 2025 жылдың соңына дейін ғана сақталады. 2025 жылдың 18 шілдесінде Мемлекет басшысы жаңа Салық кодексіне қол қойды, ол басқа жаңалықтармен қатар, зейнетақы жинақтарына салынатын ЖТС-ны алып тастайды.

Krishna.kz порталы атап өткендей, жаңа ережелерге сәйкес қазақстандықтар 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарының 10% салықсыз ала алады. Сондай-ақ салықтан осы жылы жинақтарын алған, бірақ ЖТС-ны зейнетке шыққанда төлеуді тандаған азаматтар да босатылады деп күтілуде.

Ал салықты бірден төлеген азаматтар өз жинақтарының бір бөлігін жоғалтты, төленген табыс



салығы қайтарылмайды.

Осыған байланысты қазақстандықтарға 2025 жылы біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдаланған кезде салықты кейінге қалдырып төлеу нұсқасын тандауға кеңес беріледі, солай олар жинақтарын толық көлемде сақтап қала алады.

Сондай-ақ жаңа Салық кодексі тек зейнетақы жинақтарын пайдалану ережелерін өзгертумен ғана шектелмей, кейбір автокөлік иелері үшін көлік салығына жеңілдік береді.

Бұдан бөлек кодексте қосылған құн салығын (ҚҚС) 16%-ға дейін арттыру да қарастырылған.

Айта кетейік, бұған дейін Мемлекет басшысы жаңа Салық кодексіне және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ОРТАША ЗЕЙНЕТАҚЫСЫ ҚАНША?

Жыл басынан бері қазақстандықтарға 2 трлн теңгеден астам сомасына зейнетақы төленді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлім еткендей, жыл басынан бері республикалық бюджеттен 2 трлн 98,6 млрд теңге сомасына зейнетақы төленді. Оның ішінде базалық зейнетақы төлеуге – 678,7 млрд теңге, ынтымақты зейнетақы төлеуге – 1 трлн 419,9 млрд теңге қарастырылды.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша зейнеткерлер саны – 2 млн 489 мың адам.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 143 529 теңгені құрады, оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 95 912 теңге, базалық зейнетақы – 47 617 теңге.

Бұдан бұрын хабарланғандай, 2025 жылғы 1 қаңтарда базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ҚР Ұлттық Банкі айқындайтын инфляцияның болжамды деңгейіне сәйкес 6,5%-ға, ынтымақты зейнетақы 8,5%-ға, яғни инфляция деңгейінен 2%-ға оза отырып ұлғайтылды.

Бұдан басқа Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдан бастап бес жыл ішінде ең төмен базалық зейнетақыны ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-на дейін, ең жоғары – 120%-ға дейін жыл сайын кезең-кезеңімен арттыру жүзеге асырылады.

Мәселен, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақының ең төмен мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің 65%-на 70%-ға дейін ұлғайтылды, бұл 32 360 теңгені құрап, оның ең жоғары мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінен 105-тен 110%-ға дейін арттырылып, 50 851 теңгені құрайды.

2018 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі зейнетақы жүйесіндегі өтініш ескеріп отырып, әр алуыға жеке тағайындалатынын еске саламыз.

Бұл ретте 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ынтымақты жүйеде жұмыс істеген уақыты, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) төленген кезеңдер



зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтіліне қосылады.

Егер азаматтың зейнетақы жүйесіндегі өтілі 10 жыл немесе одан аз болса, сондай-ақ мүлде жоқ болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-на тең болса, содан кейін 10 жылдан асқан әр жыл үшін оның мөлшері 2%-ға артады. Ал егер сіздің өтіліңіз 20 жыл болса, базалық зейнетақы төменгі күнкөріс деңгейінің 90%-ын құрайды. Еңбек өтілі 30 жыл немесе одан көп болса, күнкөріс деңгейінің ең жоғарғы мөлшерінде яғни 110% белгіленеді.

Егер бір ай ішінде міндетті зейнетақы жарналары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бірнеше рет аударылса, жинақтаушы жүйеге қатысу мерзімі бір айды құрайды.

Осылайша міндетті зейнетақы жарналары неғұрлым тұрақты және толық көлемде аударылатын болса, зейнет жасына жеткенде базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері соғұрлым көп болады.

Өз кезегінде азаматтың жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1998 жылғы 1 қаңтардағы жұмыс өтіліне (кем дегенде 6 ай қажет) және зейнеткерлікке дейінгі кезеңдегі орташа айлық табысына байланысты болады.

АРДАҒЕРЛЕР ПОЛУДИНДЕ БАС ҚОСТЫ



Семинар жұмысына аудан әкімінің орынбасары А.С. Шеріпов, мәслихат төрағасы А.Н. Рахметова, «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Х.Т. Сметов, Полудин ауылдық округінің әкімі М.М. Қалиев, бөлім басшылары мен жұртшылық қатысты. Сондай-ақ «Полудинское» ЖШС басшысы М.З. Хасанов шақырылып, оған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы О.Ш. Сағындықов ардагерлер атынан ұйымның жұмысын қолдағаны үшін алғысын білдірді.

Көшпелі семинарды ардагерлер ауыл ішінарапалап, экскурсиядан бастады. Содан кейін Ұлы Отан соғысы жауынгерлерінің құрметіне орнатылған қайғыға батқан ана

ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.

Ал Мәдениет үйінің фойесінде ауылдық округтің бастауыш ұйымдарының жинақтаушы папкалары жайылып, олардың қызметі туралы ақпараттар назарға ұсынылды. Сонымен қатар, бұл күні полудиндік қариялар халық шығармашылығы көрмесін ұйымдастырып, қонақтарға ауыл қолөнершілерінің жұмыстарын паш етті.

Содан кейін жиналған жұртшылық мәжіліс залына жиналып, семинарды бастап кетті.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов есепті

кезеңдегі жұмысы туралы баяндама жасап, ұйымның жыл бойы атқарылған қызметіне тоқталды. Ол ардагерлер кеңесінің жұмысының жан-жақты екенін, бастысы қоғамдық қызметке бағытталғанын тілге тиек етті.

Өз сөзінде аудан ақсақалы қариялар әртүрлі байқауларға белсене қатысып, шығармашылық жетістіктерге жеткенін мақтанышпен жеткізді. Сөз барысында ол аудан аумағында жұмыс істеп келе жатқан үздік бастауыш ұйымдардың қызметі туралы көптеген қызықты мәліметтер жеткізді.

Семинарда Полудин ауылдық округінің бастауыш ардагерлер ұйымы жұмысының

Өткен жұма күні Полудино ауылының Мәдениет үйінде аудандық ардагерлер кеңесінің кезекті пленумы және бастауыш ардагерлер ұйымдары төрағаларының семинары болып өтті. Бұл іс-шара - дәстүрлі түрде көшпелі болып табылады және ауданның ауылдық округтерінде өткізіліп келеді.

практикалық мәселелері туралы Н.В. Рошук ақпарат ұсына, тұрақты комиссияның жастарды патриоттық және адамгершілік тәрбиелеу жоспарындағы жұмысы туралы С.С. Заев баяндама жасады.

Ж.О. Петрова Чистов ауылдық округінің Пролетарка ауылындағы ардагерлер ұйымының жұмыс тәжірибесімен бөлісе, Возышенка ауылдық округіндегі бастауыш ұйымының жұмысымен Е.Н. Сильченко таныстырды.

Сондай-ақ жиын барысында Л.В. Маклакова мен Н.С. Орехова Успенка және Ұзынкөл ауылдық округтеріндегі бастауыш ұйымдарының жұмысы туралы айтып берді.

Өз кезегінде Полудин ауылдық округінің әкімі Мәдениет Қалиев ардагерлердің қоғам өміріндегі маңызды рөлін атап өтіп, одан әрі жемісті жұмыс ұйымдастыруды тіледі.

Содан кейін дәстүр бойынша зейнетке жаңа шыққан В. Г. Пекуза мен Т. Н. Зайдельге құрмет ленталары табысталып, ҚазКСР еңбек сіңірген ұстазы П.Ф. Лебедева, Ауған соғысының ардагері И.А. Соколан және Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюшы В.К. Судник Алғыс хаттарға ие болды.

Алқалы жиын қорытындыланған соң, полудиндіктер семинар қатысушыларына арнап концерттік бағдарлама ұсынды.

Ардагерлер кеңесі - ауданның қоғамдық өмірінің үнемі алдыңғы қатарында бола отырып, өлі де белсенді, перменді ұйым болып қалатынын паш етті.

Серік ЫСҚАҚОВ,
аудандық ардагерлер кеңесі
төрағасының орынбасары.

МЕРЕЙТОЙ

Мағжан Жұмабаев аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов Пролетарка ауылында тұратын Файзола Шахенұлы 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтайды.

Файзола Шахенұлы өз өмірін ауыл-шаруашылық өндірісіне және адамдарға қызмет етуге арнаған және өзінің сүйікті жұмысына толығымен берілген жан. Ол бай тәжірибесімен және білімімен, жауапкершілік сезімімен және адамдарға деген ұқыптылығымен ол өріптестері мен ауыл тұрғындары арасында лайықты бедел мен құрметке ие.

Шөкенов Файзола Шахенұлы 1940 жылы 21 шілдеде Құралай ауылында дүниеге келіп, ауылдағы 7 жылдық мектепті бітірген. 1955 жылы Петропавлда теміржол училищесіне түсіп, 2 жыл вагон депосында, вагондарды тексеруші мамандығы бойынша жұмыс істеді, содан кейін 1 жыл Есілқол қаласында теміржол өткелінде еңбек етті.

1960 жылы үйленіп, қарт ата-анасының жанына ауылға оралады. Ауылда Красная Крепость колхозында комбайншы болып жұмысқа орналасады. Ветеринарлық мектеп томамдағаннан кейін колхозда ветеринар болып жұмыс істеді. 1967 жылы Ленин ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп, бас зоотехник болады, ал 1971

жылы Омбы ветеринарлық институтына зоотехник мамандығы бойынша оқуға түсіп, дипломға қол жеткізеді. 1979 жылы Комсомольский ауылында қой совхозына ауысып, зейнеткерлікке шыққанға дейін қажырлы еңбек етеді. Құрметті қарияның жалпы жұмыс өтілі 40 жылдан асады. Ұзақ және адал еңбегі үшін Файзола Шахенұлы «Еңбек ардагері» медалімен, мерейтойлық медальдармен және еңбектегі жоғары көрсеткіштері үшін көптеген грамоталармен марапатталған.

Жұбайы Люция Равильевнамен бірге 5 бала тәрбиелеп өсіріп, қазір 10 немере мен 9 шөбере сүйіп отыр.

Аудандық ардагерлер кеңесі мен Пролетарка ауылындағы бастауыш ардагерлер ұйымы Файзола Шахенұлы 85 жас мерейтойымен және 65 жыл отау құрғандарымен шын жүректен құттықтайды.

Ерлі-зайыптыларға мықты денсаулық, мол бақыт, жақындарыңызға амандық тілейміз.

Жібек ПЕТРОВА,
Пролетарка ауылындағы бастауыш
ардагерлер ұйымының төрайымы.

ӨНЕГЕЛІ ҚАРИЯНЫҢ
МЕРЕЙЛІ МЕРЕЙТОЙЫ

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

АУДАН ЖАСТАРЫ АРДАҒЕРЛЕРМЕН БІРГЕ
«САЛАНГ» ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ КЛУБЫНА БАРДЫ

Аудандық ардагерлер кеңесінің бастамасымен ауданымыздың өскелең ұрпағы - жастар ресурстық орталығының белсенділері ардагерлермен бірлесіп, Петропавл қаласындағы «Саланг» әскери-патриоттық клубына барып қайтты.

Мағжандықтарға экскурсияны клуб басшысы, бұрынғы Ауған соғысының жауынгері Александр Анатольевич Азегов өткізді. Ол клубтың құрылуы, оның мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ жастармен жұмыс істеудің бай тарихы туралы айтып өтті. Осы жылдар ішінде «Саланг» нағыз батылдық мектебіне айналды: екі мыңнан астам ұлдар мен қыздар клубқа келіп, тарихқа көз жүгіртті.

Александр Анатольевич құрған Ұлы Отан соғысы мұражайы қонақтарға ерекше әсер қалдырды. Мұндағы әрбір экспонат - жеке еңбек пен қажырлы ізденістің нәтижесі. Балалар артефактілерді үлкен қызығушылықпен қарап, әңгімелер тыңдап, сұрақтар қойды.

Экскурсия жанды жауап пен шынайы

қызығушылық тудырды, осылайша, ешкім бей-жай қалмады. Кездесу соңында Александр Анатольевич барлық ниет білдірушілерді клубтағы сабақтарға қатысуға шақырды. Мұндай сапарлар көзжіекті кеңейтіп қана қоймай, жастарда ата-бабалардың ерлігі мен Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыратынына сенімдіміз.

Ардагерлер кеңесі «Саланг» клубының басшылығына экскурсия ұйымдастырғаны үшін алғыс айтып, мұражайға ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың кітабын және бағалы сыйлық табыс етті.

Мария ГАЛАЙДИНА,
жастар ресурстық орталығы
директорының м.а.

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ СҚО БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ

КЕЛІСІМ ШАРТ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРАДЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің СҚО бойынша департаменті офицер және сержант лауазымдарына келісімшарт бойынша әскери қызметке жалдауды жүзеге асырады, кандидат мынадай талаптарға сай болуы тиіс:



- офицерлік лауазымдарға:**
- жасы - 29 жасқа дейін (қоса алғанда);
 - медициналық қызметке 32 жасқа дейін (қоса алғанда);
 - бойы 165 см-ден төмен емес;
 - білімі - жоғары (әскери кафедралардың, әскери институттардың түлектері);
 - әскери билетінің болуы міндетті, келісімшарт бойынша әскери қызметке;
- жасы - 34 жасқа дейін (қоса алғанда);**
- бойы 165 см-ден төмен емес;
 - білімі - жоғары, орта-арнаулы, орта;
 - әскери билетінің болуы міндетті

(армияда жедел қызмет, әскери-техникалық мектепте оқудан өткен).

- үміткерде созылмалы аурулардың болмауы және психикалық/наркологиялық диспансерлерде тіркелмеген болуы;
- үміткерде және оның жақын туыстарында (ата-анасы, аға-әпкелері, әпкелері) бұрын сотталғандығы жоқ болуы

Әскери қызметшілерді қамтамасыз ету:

- Зейнетақы шегерімдерсіз материалдық қамтамасыз ету (офицерлердің жалақысы 370 мың теңгеден, келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің жалақысы 260 мың теңгеден);
 - жалақысы сақтала отырып, екі жалақы мөлшерінде төленетін жыл сайынғы демалысты;
 - заттай мүлікпен;
 - әр отбасы мүшесіне 57 мың теңге тұрғын үй төлемімен;
 - тегін медициналық қамтамасыз етумен;
 - 47 жаста зейнетке шығу.
- Төмендегі салалар бойынша мамандарға сұраныс зор: заңгерлер, медицина мамандары, ветеринарлар, тракторшылар, жүргізушілер, байлаңшылар, бағдарламашылар, механиктер, ит дөрігерлері, электрліктер.
- Құжаттарды қабылдау және рәсімдеу шарттары туралы сұрақтар бойынша Петропавл қаласы, Амангелді көшесі, 137 мекенжайы бойынша ҚР ҰҚК Шекара қызметінің СҚО бойынша департаментіне сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін кадр бөліміне хабарласыңыздар.
- Телефон: 8-7152-62-80-36, 62-80-42, 62-80-23;
- Ұялы телефондар: 8-777-608-47-10, 8-705-871-68-95.

Әділхан БАУЫРЖАН,
«Батыр Баян» шекара заставасы
бастығының орынбасары,
лейтенант.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН!

Қастерлі Отанымызға қалтқысыз қызмет ету мен қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы. Бабаларымыздың даңқты жолымен Отанға қызмет ету дәстүрін жалағастырып отырып, әскер күзетінде қызмет ете жүріп, еліміздегі әрбір отбасының тыныштығын қамтамасыз етеді. Отандастарымыз ел күзетінде, қырағы шекара шебінде әскери дайындығы жоғары, күші мығым сарбаздардың тұрағына сеніміміз мол. «Қасқат» шекара заставасының аға техникі, аға сержант Машкин Евгений Викторович - сондай тәжірибелі әрі қырағы шекарашылардың бірі.

ОТБАСЫМЕН БІРТЕ ШЕКАРА КҮЗЕТІНДЕ

Евгений Машкин 1985 жылы 13 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Гаврино ауылында дүниеге келген.

Ол Отан алдындағы әскери борышын 2002-2005 жылдар аралығында Ақтөбе қаласындағы №6655 әскери бөлімінде өтеген.

2007 жылдың қазан айынан бастап шекара қызметіндегі келісім шарт бойынша қызметі басталған.

Алғашқы лауазымы - Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті Мағжан шекара бөліміне қарасты «Қасқат» шекара заставасының 1-ші мобильдік тобының атқышы.

Өзінің қызметі басталған сәттен бастап Евгений Викторович жақсы қырларынан жоғары басшылыққа танытып, мемлекеттік шекараны күзетіне үлкен үлесін қосқан.

Әскери техникаға жақындам болғандықтан 2008 жылы «Қасқат» шекара заставасының 2-ші мобильдік топ барлаушысы-жүргізушісі болып тағайындалған.

Өз қызметіне ұқыпты әрі тиянақты қарап қызмет атқаруына байланысты 2012 жылы аға жүргізуші лауазымына тағайындалған.

Аға сержант Евгений Машкиннің мемлекеттік шекара күзетінде, шекара заставасының күнделікті қызметінде жеке құрамды тәрбиелеу жағынан болса да өткізілетін қоғамдық, спорттық, қайырымдылық іс-шараларына атсалысып, қосқан үлесі мол. Мемлекеттік шекара бұзушыларды, мемлекеттік шекара режимін бұзушыларды ұстау олардың алдын алу бойынша көптеген іс-шараларға атсалысып, жоғары нәтижелер көрсетіп жүрген шекарашы.

Ол 2016 жылы шекара заставасына сіңірген еңбегімен атқарған жұмыстарына сараптама жасап, «Қасқат» шекара заставасының старшинасы лауазымына тағайындалған және онымен қоса аға техниктің лауазымын қатар алып жүрген жұмысы ауыр болғанына қарамастан білгенін бағыныштыларына үйретіп, білмегенін сұрап жоғары нәтижелер



көрсетіп жүр.

Отбасылық жағдайына келетін болсақ, кейіпкеріміз үйленген, жұбайымен бір қыз тәрбиелеп отыр.

Бір айта кетерлігі, зайыбы Машкина Татьяна Викторовна да шекара заставасының қызметшісі болып жұмыс жасайды. Жалпы айтқанда, бір отбасы болып шекара заставасына қызмет етеді.

Евгений Машкин - өзінің артынан өсіп келе жатқан, әскери қызметтерін жаңадан бастаған, әскери қызметшілерге үлгі өнеге көрсетіп, оларды қызметке баулып, тәрбие көрсетіп жүрген мақтан тұтар әскер қызметшісі.

Осындай тәжірибелі әрі өз ісіне адал шекарашыларға қарап, қызметтерін жаңа бастап жатқан жас қызметшілерді жоғары нәтижелерге жетелейді деп нақты айта аламын.

Бекболат БЕКТАЙ,
«Қасқат» шекара заставасы бастығының
тәрбие және идеологиялық жұмыстары
жөніндегі орынбасары,
лейтенант.

ТАРИХ ЖӘНЕ ТАНЫМ

ДІН МЕН ДӘСТҮРДІ САҚТАҒАН ДАРА ЖОЛ: МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ӨНІРІНІҢ ДІНИ ТҰЛҒАЛАРЫ МЕН ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ҚАЙРАТҚЕРЛЕРІ

Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты бұрынғы Булаев өңірі – тарихы терең, рухани-діни құндылықтарға бай аймақ. Бұл өңірдегі ата-бабаларымыз дінімізді, дәстүрімізді сақтап қалу жолында аянбай еңбек етіп, Кеңестік жүйенің қыспағына қарамастан діни-ағартушылық қызметтерін тоқтатпады. Олардың бір бөлігі қажылық сапарға аттанса, енді бірі елге имамдық, молдалық қызмет жасап, халықты тәрбиеледі.

Қажылар тағылымы

Қасиетті Мекке мен Мәдинаға қажылық парызын өтеуге барғандардың ішінде Жақып қажы Тоқабайұлы, Қарауылшаұлы Тіней (1905 ж., 63 жаста), Аралбайұлы Бейсен (1908 ж., 31 жаста), Мәті (Дәулетхан) Қонайұлы (64 жаста), Ідіріс Айдарбекұлы (59 жаста), Бинаш (Биназар) Битуғанұлы (1908 ж., 88 жаста), Жанбатыр Бабаиязұлы сынды азаматтар бар. Олардың өмір жолы – буындар сабақтастығының рухани тірегі.

Жанбатыр қажы Бабаиязұлы 1908 жылы жазып қалдырған төмендегі өлең жолдары сол кезеңдегі қажылардың рухани көңіл күйін, жүрек тебіренісін, имандылыққа деген адалдығын бейнелейді:

Бинаш қажы туыпты сәтімнен,
Қызылжарда кез болдық,
Бейсен, Ідіріс, Биназар, Мәтімнен,
Сәлем бердік Пайғамбардың атыменен,
Таныстық хақтың жолы Тәңірдің хатыменен.

(Авторы: Ақан сері Қорамсаұлы, 1908 жыл).

Молдалар мен бақсылар: имандылықтың тірегі

Жұмабаев өңірінде діни қызмет атқарған, ел ішіне рухани тәлім берген молда, бақсы, ишандар қатарында Мақыұлы Жапар, Еламанұлы Нұрғазы, Жұмағұлұлы Кенжетай, Көшегалдыұлы Кәлі, Брубайұлы Дүйсеке, Бөлегенұлы Нұрыш (Нұршайы), Жұмабайұлы Әбділді, Мұстафин Әзілхан, Бірбайұлы Қанания, Елубайұлы Әкбар, Сәмеулы Әубәкір, Нұртазаұлы Рахымжан, Исаұлы Шеймерден, Мылтықбай Жұмажан сияқты азаматтар айрықша құрметке лайық. Олардың көпшілігі қуғын-сүргінге ұшырап, есімдері кеңестік сот істерінде көрініс таппай қалса да, ел есінде сақталып қалды.

Кеңестік қысым және қуғын-сүргін құрбандары

1937-38 жылдардағы сталиндік репрессия жылдарында Булаев өңірінде көптеген адамдар жазықсыз жапа шекті. 2002 жылы жарық көрген «Азала кітап» (Книга скорби) жинағына енген есімдер ішінде Башықұлов



Құлжабай, Әлібаев Қазыбек, Жылқыбаев Жұмабай, Жанбұжинов Нұрпейіс, Ибраев Ысқақ, Жұмабаев Бекет, Жұмабаев Құрмаш сынды ел ардақтылары бар. Олар КСРО ҚК 58-бабының түрлі тармақтарымен жазаланған. Көпшілігі кейін ақталғанымен, өмірден өткен соң ғана әділдікке қол жеткізді.

Келтесор болысы мен ауылдардың тағдыры

Бұрынғы Келтесор болысы құрамына кірген ауылдар тарихы да ерекше. Кеңестік кезеңдегі ұжымдастыру мен совхоздастыру саясатының салдарынан көптеген ауылдар біріктіріліп, жоюлып кетті. Бұрынғы 76 ауылдың ішінде бүгінгі таңда тек 7 ауыл ғана ішінара сақталған: Дүйсеке, Бірлік (Бинаш), Ноғайбай, Қызыл Қазақстан, Қоскөл, Сулышок және Сарытомар. Бірақ олардың да жағдайы көңіл көншітпейді.

Елге еңбегі сіңген тұлғалар

Заманында совхоздардың құрылуына атсалысып, басқарушылық қызметтерде болған азаматтар да ұмыт қалмауы тиіс. Мысалы, Мәлиев Қапар (Ғапар) –



Чистов совхозының алғашқы агрономы, кейіннен директоры болған. Омбыдағы ауыл шаруашылық институтын бітірген, 1937 жылы «халық жауы» ретінде атылған. Сол сияқты Қарағанды совхозының алғашқы саяси жетекшісі Рамазанов Қожахмет те осы өлкенің түлегі.

Бұл деректер – Булаев өңірінің рухани, саяси және әлеуметтік тарихының жарқын көрінісі. Зұлмат заманда дін мен дәстүрді, ел мен жерді қорғаған азаматтардың есімі ел жадынан өшпейді. Ендігі міндет – олардың рухын ардақтап, келер ұрпаққа шынайы тарихты аманаттау.

Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫ,
Жас ғалым, Қазақстан және Орталық
Азия тарихын зерттеу институтының
директоры.

СУРЕТТЕ:

Меди және Сәдуақас Ахмет қажыұлының шапаны.

АРТЫҚ АҚША ТӨЛЕМЕУ ҮШІН НЕСИЕ АЛҒАНДА НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК

Ал экономист, сарапшы мамандар азаматтардың қаржылық сауатты артықшылық мәселені түбегейлі шешу мүмкін емес екенін алға тартады. Біз осы орайда экономист Мақсат Халықтан тұрғындар несиеленуді басты ескеру керек маңызды мәселелерді тізбектеп, түсіндіріп беруді сұрадық.

«Сізге несиелер берді дегенде, көзін жұмып тұрып келісімшартқа қол қойып шығады...» Экономист Мақсат Халық несиелену қайтарарда артық ақша төлеу үшін ескеру керек 5 маңызды мәселені егжей-тегжей түсіндіріп берді:

Қаржы менеджерімен кездескенде қанша пайызбен несиелер берілетінін біліңіз.

Әдетте осы сұраққа қаржы менеджерлері номиналды пайыздық мөлшерлемелер 16-18 пайыз деген секілді жауап береді. Мұны атаулы пайыздық мөлшерлемелер деп те атайды. Асылында бізге негізгі керекті пайыз жылдық тиімді пайыздық мөлшерлемелер, ГСВ деп тұрады. Годовая эффективная ставка вознаграждения. Тұтынушы осы мөлшерлемелік пайызбен білу керек. Ол заң бойынша 2-ші деңгейлі банктерге 10 пайызды 56 пайызға дейін қою рұқсат етілген. Бұл комиссия сынды барлық қызметті қамтығандағы пайыздың формасы. Біздің елде ГСВ 40-50 пайыздан жоғары беріліп жатады. Ол өте жоғары пайыз. Азаматтар осындай жоғары пайызбен несиеленсе, өзінің қаржылық жағдайын нашарлатады. Қарыздың шырауына кіріп, несиеленіп өтей алмай жатады. Осы пайыздық мөлшерлемелер қай банкте төмен сол банкпен келісімшарт жасауға болады. Бұл несиелер аларда бірінші мән беру керек дүние.

Келісімшартты оқып шығу керек. Бізде көбінесе азаматтар сізге несиелерді, «одобрение» алдыңыз дегенде қуанып кетеді де, келісімшарттың әр бетіне көзін жұмып тұрып қол қойып береді. Бұл дұрыс емес. Кей келісімшарттарда мынадай бөлім болады: «егер жылдық инфляция 10 пайыздың үстінде болса онда банк несиелер пайыздарын қайта қарастырады». Сізге ескертпестен «ре-

2019 жылы Президенттің пәрменімен 507 мың адамның несиесі кешірілген. Одан кейін белгілі критерийлер бойынша азаматтарды банкрот деп тану туралы заңды мемлекет басшысы мақұлдады. Мұндай шаралар тұтынушылардың төлем қабілетінің төмендеуі сынды мәжбүрліктен туып тұр. Мемлекеттік деңгейде мәселелер көтеріліп, шара қабылданып жатқанымен, кәсіптен талқан несібін ай сайын несиелер жасауға жұмсайтындар саны азаймай тұр. Быыл бұл көрсеткіш Ұлттық банктің сәуір айындағы есебі бойынша 15 триллион теңгеге жеткен. Бұл елдегі 7 939 000 адамның банкке берешегі. Бірі несиеленіп дер кезінде өтесе, бірі қарызынан құтыла алмай «құрықталып жатыр». Соңғыларының несиелер шырмауынан шыға алмауы түбін түрлі әлеуметтік шиеленіске соқтырады. Ендігі жерде үкімет несиелер беру тәртібін қайта қарамақ.



финансирование» жасайды деген жолдар бар. Мәселен, өткен жылы инфляция 20 пайыздың үстіне шықса, несиеленіп автоматты түрде қайта қаржыландыруға жіберіледі. Нәтижесінде пайыздар өседі. Қайтарып жүрген несиеленіп негізгі қаржысы да ұлғайып кеткендей болады. Осындайда азаматтар арасында «мен қанша төлемді, неге менің негізгі қарызым азаймаған» деген секілді түсінбестік туындайды.

Келесі маңызды мәселе - несиеленіп алып жатқандағы ресімдеу тәртібі.

Мұндайда қаржы менеджері несиелену алушыдан берешекті аннуитет жолмен кесте бойынша төлейсіз бе әлде тек бөліп төлеуді таңдайсыз ба деп сұрайды. Тұтынушы тең

бөліп төлеуді таңдаған дұрыс. Аннуитеттік жолды таңдағандар ұтылады. Әрине ол әдемі кесте болып тұрады. Бір сомма. Шартты түрде 1 миллион теңге алған болсаңыз ай сайын 50 мың төлейсіз дегендей. Көпшілік осы тәртіпті ыңғай көреді. Ал тең төлемде 65 мың теңгеден басталып әр ай сайын 500-1000 тг кеміп отырады. Әр айда қанша төлек керек. Оны бақылауға аласыз. Бұл тәртіп көп адамдарға қолайсыз көрініп, бірден аннуитеттік тәртіп бойынша төлем жасауды таңдайды. Бірақ бұл жерде азаматтар ұтылады. Өйткені аннуитеттік жолда көп жағдайда пайыз жоғары болады және артық ақша төленеді. Мұнда ескерілетін келесі маңызды мәселе

- аннуитеттік тәртіпте бірінші пайыздар төленеді, кейіннен негізгі қарыз өтеледі. Ал тең бөліп төлеу аты айтып тұрғандай төленген қаражаттың жартысы негізгі қарызды, жартысы пайызды жабады. Мәселен, шартты түрде 1 миллион алған азамат 1 жыл бойы төлем жасайды. 1 жылдан кейін кредитімді толық жауып тастайыншы деп қараса өлі 1 млн жуық қарыз бар болып тұрады. Мұндайда ол 1 жыл бойы банктің пайызын төлеген болып шығады. Тең бөліп төлегенде негізгі қаржы 1 жылдан кейін барып төлеу керек болса, мысалы 30 мың теңгеден негізгі қаржы жабылса 300 мың теңгеге негізгі қаржы кемиді.

Банк комиссияларына мән беру керек.

Біршама банкте 7-8 пайыз комиссия бар. Келісімшартта 1 млн теңге алатындай ресімделеді. Бірақ қолыңызға миллион теңге ұстамайсыз. Банк шот ашқаны үшін тағы басқа банк әрекеттері үшін комиссия ұстап қалып, шамамен қолыңызға 910 мың тг ақша аласыз. Алайда пайыздың бәрі бастапқы шарттағы 1 миллион теңгемем өтеледі. Кей банктерде нәлдік комиссия деген болады. Сол банктен несиелену алған дұрыс. Содан кейін комиссияның Ұлттық банкпен рұқсат етілген түрлері бар. Қазір мұны Қаржылық қадағалау агенттігі бақылайды. Банктер тек агенттік қойған комиссияны алуға құқылы.

Сақтандыруды сұраныңыз.

Дамыған мемлекеттерде несиелену беретін банк бірнеше сақтандыру компаниясын альтернатив ретінде ұсынады. «Мысалы мына компаниядан сақтандыру алсаңыз мынанша пайыз аз төлейсіз, кепілдендірілген, мына компанияда пайыз жоғары, репутациясы жақсы деген секілді балама ұсынады». Бізде олай емес. Біздегі сақтандыру компаниялары, банктердің еншілес компаниялары болады. Олар несиелену алушыдан сұрамай автоматты түрде сол компанияны тіркеп жібереді. Тұтынушы осындай құқықтық, қаржылық тәртіптерді біле жүрсе артық шығынсыз несиеленіп, төлем қабілеті төмендемей қарыздан құтылады.

ТҰТЫНУШЫЛЫҚ КРЕДИТТЕРДІ РЕСІМДЕУ ЖӘНЕ ЖАБУДЫҢ ҚЫР-СЫРЫ

Халықтың тұтынушылық кредитке деген сұранысының жыл сайын артуы олардың жеңіл түрде берілуімен байланысты. Дегенмен, азаматтар қарыз қаражатын қайтару керектігін ұмытпауы керек. Сонымен қатар сіздің ай сайынғы табысыңыз кредит бойынша барлық төлемдер мен коммуналдық қызметтер, білім беру, жол жүру, тамақ және т.б. сияқты міндетті төлемдерден кейін алынған барлық ақшаның 50 пайызынан аспауы керек.

Тұтынушылық кредитті ресімдемес бұрын не білуіңіз керек? Кредит ресімдеу сияқты маңызды мәселеге негізден асықпау керек, осы мәселені Fingramota.kz-пен бірге қарастырып көрейік.

Кредит=міндеттеме

Алдымен өзіңіз үшін кредит алу қажет пе, кредит алмай-ақ мәселені шешуге бол ма деген сұрақтарға жауап іздеп көріңіз. Мүмкін біраз күте тұрып, ақша жинайсыз ба? Көз келген кредитті, оның ішінде тұтынушылық кредитті өзіңізге ресімдеу, бұл сіздің жауапкершілігіңізді арттырады, ең алдымен сізге қарыз алушы ретінде белгілі бір уақыт ішінде орындауыңыз керек міндеттеме жүктеледі.

Егер Сіз тұтынушылық кредит ресімдеуді шешсеңіз, онда оның барлық шарттарын зерделеп, қаржылық мүмкіндіктеріңізді алдын ала есептеңіз. Бірнеше кредиттік ұйымдардың (банктер мен МҚҰ) сайттарына өз бетінше мониторинг жүргізіп, олардың ұсыныстарын талдаңыз. Өзіңіз үшін ең жақсы нұсқаны таңдап, менеджерден кредит берудің барлық шарттарын: қарыз сомасы, төлемдер мерзімі мен мөлшері, кредит алу немесе мерзімінен бұрын өтеу кезінде комиссиялар бар ма, барлық пайыздар мен төлемдермен кредиттің толық құны қандай болады, артық төлем қанша болады және басқа да маңызды мәселелерді нақтылап алыңыз.

Әлеуетті қарыз алушы қарыз шартын жасасқанға дейін кредиттік ұйым клиентке туындаған барлық мәселелер бойынша, оның ішінде кредит беру мерзімі; сыйақы мөлшерлемесінің түрлері; белгіленген немесе өзгермелі, егер сыйақы мөлшерлемесі өзгермелі болып табылса, есептеу тәртібі; клиенттің өтініш берген күніне жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (нақты құны) туралы толық консультация беруге міндетті екенін білуі қажет. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – бұл қарыз алушы кредит шарты бойынша төлейтін барлық төлемдердің жалпы сомасы.

Кредитті өтеу әдістерін де қарастырыңыз - сараланған және аннуитеттік. Бірінші кредит беру мерзімі ішінде бара-бара азайтылатын теңдей бөлінбеген, ай сайынғы төлемдерді білдіреді. Яғни, банктік қарыз бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығына кезең ішінде есептелген сыйақыны қамтитын азайтылатын төлемдермен жүзеге асырылады. Екінші

жағдайда, біз кредит берудің бүкіл мерзіміне созылған теңдей бөлінген ай сайынғы төлемдер туралы айтылады. Берешекті өтеу қарыздың тұтастай мерзіміне теңдей төлемдермен жүзеге асырылады, бұл ретте негізгі борыш бойынша төлемдер ұлғаяды және кезең ішінде негізгі борыштың қалдығына есептелген сыйақы бойынша төлем азайып отырады.

Азаматтар шарттың талаптарын дұрыс оқымау, өзінің кредиттік міндеттемелерін орындауға салғырт қарау мен өзінің төлем қабілеттілігін артығымен бағалаудың кредиттік құжаттамаға теріс әсер етуі мүмкін екенін түсінуді қажет. Кредитті таңдау жауапкершілікті, тәртіпті және қарыз алушының дұрыс әрекетін талап етеді.

Кредитті мерзімінен бұрын өтеу туралы негіз білу қажет?

Қарыз ресімдеудің алдында кредиттік ұйымның менеджерімен мерзімінен бұрын өтеуге қатысты қандай талаптардың бар екенін нақтылап алу керек. Мысалы, негізгі борышы:

• бір жылға дейінгі мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап алты айға дейін;

• бір жылдан астам мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап бір жылға дейін ішінара мерзімінен бұрын немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда, заң бойынша банктер қарыздардың мерзімінен бұрын өтелгенін үшін айыппақы немесе санкциялардың өзге де түрлерін алуға құқылы болмайды.

Бұл ретте клиент банкке пайыздарды кредиттің нақты пайдаланған күндері үшін төлейді. Осының барлығы кредиттік шартта жазылады. Сондықтан кредитордың алдында борыштық міндеттемелерді мерзімінен бұрын жабудың алдында оның талаптарын мұқият түрде қайтадан оқып шығыңыз.

Егер кредит ресімдеу кезінде сіз сақтандыруды сатып алған болсаңыз, сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарып көруге болады. Қайтару мүмкіндігі де шартта көрсетілген. Онымен таныспай, шартқа қол қоймаңыз.

Мерзімінен бұрын өтеуден бұрын кредиттің нақты сомасын нақтылап алыңыз: егер сіз бұрын кредит бойынша мерзімді кешіктірген болсаңыз, сізде қарыз жинақталып қалуы мүмкін. Және алдағы уақытта шотты толықтырған кезде ең алдымен өсімпұл мен айыппұл сомасы, содан кейін ғана ай сайынғы төлем есептен шығарылады.

ТҰТЫНУШЫЛЫҚ КРЕДИТТЕРДІ РЕСІМДЕУ ЖӘНЕ ЖАБУДЫҢ ҚЫР-СЫРЫ



Шотыңызды толықтыру мерзімдерін ескеріңіз: егер банкомат арқылы шотыңызды бірнеше секундтың ішінде толықтыра алатын болсаңыз, картадан картаға аудару кезінде мерзім бір күннен үш күнге дейін кешіктірілуі мүмкін. Сондықтан шотыңызды болжамды төлем күнінен бірнеше күн бұрын алдын ала толықтырып қойған жөн. Сондай-ақ, кейбір банктерде тек жұмыс күндері ғана мерзімінен бұрын өтеуге болатынын ескере жүріңіз.

Банк сіз енгізген соманы әдеттегі ай сайынғы төлем ретінде ресімдеп, ай мерзімінен бұрын өтеу үшін енгізілген қаражат ретінде есепке алмайтын жағдайлар орын алып жатады. Сондықтан түсініспеушіліктер болмау үшін мерзімінен бұрын өтеу үшін ақша енгізуден бұрын кредитормен хабарласып, өзіңіздің ниетіңіз туралы хабарлап және сіздің жағдайыңызда мұны қалай жасаған дұрыс болатын нақтылап алған жөн.

Егер сіз кредитті толығымен мерзімінен бұрын өтеген болсаңыз, кредиттік ұйымнан сіздің берешегіңіздің толығымен жабылғаны туралы қол қойылған және мөр басылған ресми анықтаманы сұрағаныңыз абзал. Кейбір кредиттік ұйымдарда бұл қызмет ақылы негізде болуы мүмкін.

Кредиттің тарихты тексеру әдетіне ие болыңыз!

Дербес кредиттік есеп сіздің қолданыстағы және жабылған қаржылық міндеттемелеріңіз туралы бүкіл ақпаратты қамтиды. Яғни, кредиттің ұйымның атауы, қарыз сомасы, берешекті беру және оны өтеу мерзімдері туралы ақпарат беріледі.

Өз кредиттік тарихыңызды жиі, тым болмаса жарты жылда бір рет тексеріп отыру қажет. Осылайша сіз өзіңіздің кредиттік есебіңізді көрсетілген ақпараттың дұрыстығын, сондай-ақ атыңызда «өтелмеген» қарыздардың бар-жоқтығын тексере аласыз.

Дербес кредиттік есепті мыналар:

• мемлекеттік кредиттік бюро – id.mkb.kz сайты;

• бірінші кредиттік бюро – www.1cb.kz сайты;

• www.egov.kz электрондық үкімет порталы;

• тұрғылықты мекенжайы бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) арқылы ала аласыз.

Банктік қарыздарды немесе микро-кредиттерді, онлайн-кредиттерді тек ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің лицензиясы бар ұйымдарда ғана ресімдеңіз. Оның бар-жоғын Агенттік сайтының «Қаржы нарықтары» бөлімінде тексеруге болады. «Теріс пайызды кредиторларды», тиімді, өте төмен мөлшерлемелен немесе артық төлемсіз кредит беруді ұсынатын депдалдарды айналып өтіңіз. Ең бастысы, мұқият зерделеп алмай тұрып, ешқашан кредиттік шартқа қол қоймаңыз. Сіз шартты өзіңізбен алып кетіп, оны тыныш жағдайда зерттей аласыз. Түсініксіз тармақтарды сіз кезкесу кезінде банк немесе МҚҰ қызметкерімен талқылай аласыз. Егер сіз мұқият зерттеп алмай тұрып шартқа қол қойсаңыз, бұл оның барлық шарттарымен автоматты түрде келісетіндігіңізді білдіреді.

Кредиттің үлкен жауапкершілік екенін ерқашан есте сақтаған маңызды. Қарызды қысып алып жағдай болмаса ресімдемеңіз, әсіресе сыртқы факторлардың әсеріне ұшырап, қарызға алынған ақшалай қаражатқа импульсивті сауда жасаудың қабаты жоқ. Егер сіз кредитті төлей алатыныызға сенімді болмасаңыз, онда кредит алмаңыз, жеке бюджетіңізге қосымша ауырталық салудан бойынсаңыз аулақ ұстаныңыз! Қарызды өтегеннен алған жеңіл.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.



Дүйсенбі, 28 шілде	Сейсенбі, 29 шілде	Сәрсенбі, 30 шілде	Бейсенбі, 31 шілде	Жұма, 1 тамыз	Сенбі, 2 тамыз	Жексенбі, 3 тамыз
QAZAQSTAN 06.00 ӘНУРАН. 06.05 ІНЖУ-МАРЖАН. 06.45, 04.35 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 Т/Х «ЫЗБЕН БІРГЕ». 08.50 АУЫЛДАСТАР. 09.25 Т/Х «ДАРХАН БАТЫР». 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 03.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50, 03.25 АТАМЕКЕН. 13.25 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 14.40 Т/Х «АЛМАСАЙ». 15.40 ЗАМАНДАСТАР. 17.00, 20.00, 01.05 АҚПАРАТ. 17.20, 02.45 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЖАЙДАРМАН. 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 БІЛІМ БӨЙГЕСІ. 01.40 САНА. 04.50 ЕҢ ДӨМДІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 01.05 АҚПАРАТ. 06.35, 13.25 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 06.50, 04.35 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 Т/Х «ЫЗБЕН БІРГЕ». 08.50 АУЫЛДАСТАР. 09.25 Т/Х «ДАРХАН БАТЫР». 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 03.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50, 03.25 АТАМЕКЕН. 13.25 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 14.40 Т/Х «АЛМАСАЙ». 15.40 ЗАМАНДАСТАР. 17.20, 02.45 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЖАЙДАРМАН. 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 БІЛІМ БӨЙГЕСІ. 01.40 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 01.05 АҚПАРАТ. 06.35, 13.25 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 Т/Х «ЫЗБЕН БІРГЕ». 08.50 АУЫЛДАСТАР. 09.25 Т/Х «ДАРХАН БАТЫР». 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 03.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50, 03.25 АТАМЕКЕН. 14.40 Т/Х «АЛМАСАЙ». 15.40 ЗАМАНДАСТАР. 17.20, 02.45 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЖАЙДАРМАН. 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 БІЛІМ БӨЙГЕСІ. 01.40 САНА. 04.50 ЕҢ ДӨМДІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 06.35, 13.25 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 Т/Х «ЫЗБЕН БІРГЕ». 08.50 АУЫЛДАСТАР. 09.25 Т/Х «ДАРХАН БАТЫР». 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 03.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 ДФ. 14.40 Т/Х «АЛМАСАЙ». 15.40 ЗАМАНДАСТАР. 16.50, 04.15 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 04.25 АЛАҚАРА. 17.40, 02.45 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЖАЙДАРМАН. 22.50 ФУТБОЛ. 01.00 БІЛІМ БӨЙГЕСІ. 02.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 01.05 АҚПАРАТ. 06.35, 13.15 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 М/Ф «ЭЛВИН МЕН АЛАКОРЖЫНДАР». 08.35 М/Ф. 09.05 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.35, 02.50 ТҮРКІСТАН. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 03.35 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 ДФ. 14.40 Т/Х «АЛМАСАЙ». 15.40 ЗАМАНДАСТАР. 16.50, 04.15 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 04.25 АЛАҚАРА. 17.40, 02.45 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 «КӨНІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҒЫ». 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 БІЛІМ БӨЙГЕСІ. 01.40 САНА. 03.15 БАУ-БАҚША.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 23.30 АҚПАРАТ. 06.35, 05.05 АУЫЛДАСТАР. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 М/Ф «ЭЛВИН МЕН АЛАКОРЖЫНДАР». 08.35 М/Ф. 09.05 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.35, 02.50 ТҮРКІСТАН. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 03.35 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 ДФ. 14.40 Т/Х «АЛМАСАЙ». 15.40 ЗАМАНДАСТАР. 16.50, 04.25 ЕҢ ДӨМДІ. 16.50, 23.50 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 02.20 ӨЙЕЛ ӘЛЕМІ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮП. 20.20 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЗАМАНДАСТАР. 00.00 «ДЖУНЛИ КРУИЗИ», Х/Ф. 03.15 ДФ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 АҚПАРАТ. 06.25 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.50 М/Ф. 07.20 М/Ф «ҮШ МАРҒАУ». 07.50, 12.30 КОНЦЕРТ. 08.55, 23.30, 02.15 «БҰРАБАЙ». 09.20, 03.30 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 01.15 «БАУ-БАҚША». 13.35, 01.45 «САҚАЛДЫ ҚҰРЫЛЫС». 14.10 Т/Х «КҮДАША ҚЫЗ». 16.10 «ЗАМАН АРТ». 17.00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮП. 20.20 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 НАРТӨУЕКЕЛ. 23.55 ЗАМАНДАСТАР. 02.45 ДФ. 01.25 «ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН КЕМЕ АПАТТАРЫ», ДФ. 04.00 АУЫЛДАСТАР. 04.25 КҮМІС КӨМЕЙ.

Дүйсенбі, 28 шілде	Сейсенбі, 29 шілде	Сәрсенбі, 30 шілде	Бейсенбі, 31 шілде	Жұма, 1 тамыз	Сенбі, 2 тамыз	Жексенбі, 3 тамыз
ХАБАР 05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 COVER SHOW-3. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ОЙНАҚ. 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-2». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/Х «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ӨПКЕ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 07.00 COVER SHOW-3. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ОЙНАҚ. 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-2». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ӨПКЕ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 07.00 COVER SHOW-3. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ОЙНАҚ. 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-3». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ӨПКЕ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 07.00 COVER SHOW-3. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ОЙНАҚ. 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-3». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ӨПКЕ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 07.00 COVER SHOW-3. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ОЙНАҚ. 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-3». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ӨПКЕ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТИ QAZYNA. 07.00 ТАМАША. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «ФИШ И ЧИПС». 12.00 «ЗИТА И ГИТА», Х/Ф. 15.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН-2». 19.00 ЖАЙДАРМАН. 21.00 «САБОТАЖ», Х/Ф. 23.00 «ЛЮБОЙ ПРОБЛЕМАНЫ ШЕШЕМІЗ», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТИ QAZYNA. 07.00 ТАМАША. 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 М/Ф. 10.50 М/Ф «ПИНГВИНЕНОК ПОРОРО: ПРИКЛЮЧЕНИЯ В ЗАМКЕ ДРАКОНА». 12.00 «САБОТАЖ», Х/Ф. 14.00 ЖАЙДАРМАН. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-3». 19.00 АЛҒАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 «ЗИТА И ГИТА», Х/Ф. 00.00 «ГДЕ МОЙ ДОМ?», Х/Ф. 01.30 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 28 шілде	Сейсенбі, 29 шілде	Сәрсенбі, 30 шілде	Бейсенбі, 31 шілде	Жұма, 1 тамыз	Сенбі, 2 тамыз	Жексенбі, 3 тамыз
ТВ ЕВРАЗИЯ 06.00, 02.35 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 Т/С «ДРУГАЯ СЕМЬЯ». 14.10, 02.15 НОВОСТИ. 14.20, 02.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЛЮБОВЬ С ОРУЖИЕМ». 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 04.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.35 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ТРИГГЕР-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.15 НОВОСТИ. 14.20, 02.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «АНГЕЛ МЕСТИ». 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 04.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.35 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ТРИГГЕР-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.15 НОВОСТИ. 14.20, 02.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «АНГЕЛ МЕСТИ». 01.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 04.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.40 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ТРИГГЕР-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.20 НОВОСТИ. 14.20, 02.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «АНГЕЛ МЕСТИ». 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 04.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.10 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ТРИГГЕР-2». 12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 01.55 НОВОСТИ. 14.20, 02.00 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПОЛЕ ЧУДЕС. 21.45 «МОЛЧАНИЕ», Х/Ф. 03.30 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 03.30 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.10, 01.50 «П@УТИНА». 08.45 «МОЛЧАНИЕ», Х/Ф. 13.00 «МИНУС ОДИН», Х/Ф. 17.05 «ЭХ, РАЗГУЛЯЙ!», Х/Ф. 20.00 «В ЧАС БЕДЫ», Х/Ф. 00.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.30 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00, 01.50 «П@УТИНА». 08.35 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.35 Т/С «В ЧАС БЕДЫ». 13.35 «ПРИГОВОР ИДЕАЛЬНОЙ ПАРЫ», Х/Ф. 18.00 Т/С «ПРОЩАНИЕ». 20.00 «КРИВОЕ ЗЕРКАЛО ДУШИ», Х/Ф. 00.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

Жігітті жылы сөз ширатпайды,
қатты сын ширатады.
Тартыспен түскен, бейнетпен келген
жақсылық қана – шын мәнінде қымбат
табыс.
Азамат сыны – ерлік, ерлік сыны –
елдік.
Мұхтар ӘУЕЗОВ.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

ҚАРЫЗҒА БАТҚАН
ЖАСТАРҒА ҮКІМЕТ
ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕДІ?

Қарызға батқан жастар NEET санатына өтуі мүмкін. Бұл - жұмыссыздық, ресми табыстың болмауы және әлеуметтік белсенділіктің төмендеуі қаупі бар деген сөз. Осы мәселе аясында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ақпарат ұсынады.

Ресми хатта «Қазіргі таңда бірқатар жастар банктер мен микроқаржы ұйымдарына, сондай-ақ таныстары мен туыстарына қарызға батып, қарыздарын қайтарма алмай жүргені белгілі. Олардың кейбірі ресми жұмысқа орналаса алмайды, төлем карталары бұғатталған. Бұл жағдай оларды кейін NEET санатына өткізіуі мүмкін. Мұндай жастарды қолдау үшін министрлік қандай шаралар қабылдай алады?», - деп сауал қойылған.

Қазіргі уақытта жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары шеңберінде іске асырылады және ол кәсіпкерлік бастаманы қолдауды, жұмыс орындарын субсидиялауды және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды қамтиды. Жұмыс іздеуде қиындықтарға тап болған жұмыссыз азаматтар жеке қажеттіліктеріне қарай жұмысқа орналасуға қолдау ала алады, - делінген ведомство жауында.

Қандай қолдау шаралары бар?

Министрлік белсенді жұмыспен қамту шаралары аясында:

- «Бастау Бизнес» жобасы арқылы онлайн кәсіпкерлік оқыту (skills.enbek.kz арқылы);

- 400 АЕК-ке дейінгі мемлекеттік гранттар (әлеуметтік осал топтарға);

- Жұмыс орындарын субсидиялау - «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар

келісімшарты»;

- Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту (жұмыс орнында, оқу ұйымдарында және онлайн) сынды мүмкіндіктер ұсынады.

- Жұмыс тәжірибесі жоқ жастарға не ұсынылады?

Оқу орнын енді бітірген жастар үшін «Жастар практикасы» қарастырылған. Бұл жоба маман ретінде алғашқы тәжірибе жинауға мүмкіндік береді. Ал «Ұрпақтар келісімшарты» аясында зейнеткерлік жасқа жақындаған мамандар өз тәжірибесін жастарға үйретеді.

- Өзі ісін бастау үшін не істеу керек?

Жеке кәсіп ашқысы келетін жастар «Бастау Бизнес» арқылы оқып, әлеуметтік осал топтар қатарынан болса, 400 АЕК көлемінде грант ала алады. Бұл жоба толықтай автоматтандырылып, онлайн жүзеге асырылады.

- Тағы қандай цифрлық мүмкіндіктер бар?

2021 жылдан бастап skills.enbek.kz платформасы жұмыс істейді. Онда еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылар бойынша онлайн оқуға болады. Сонымен қатар, «Mansar Compass» атты жаңа платформа іске қосылды. Бұл жүйе арқылы мектеп бітірушілер мен студенттер сұранысқа ие мамандықтар, білім беру талаптары және гранттар туралы ақпарат ала алады.

270.00 НЫСАНДЫ ДЕКЛАРАЦИЯНЫ
ОНЛАЙН-ТАПСЫРУ EGOV.KZ ЖӘНЕ
EGOV MOBILE АРҚЫЛЫ ҚОЛЖЕТІМДІ

Жалпыға бірдей декларациялаудың екінші кезеңіне жататын қазақстандықтар 270.00-нысан бойынша кірістер мен мүлік туралы декларацияны 15 қыркүйекке дейін тапсыруы тиіс. Мұны eGov.kz порталы және eGov Mobile қосымшасы арқылы онлайн режимде жасауға болады.

270.00 нысанды декларацияны онлайн тапсыру eGov.kz порталы және eGov Mobile арқылы қолжетімді

Онлайн-подана декларацияны формасы 270.00 дүстүрне «eGov.kz» және «eGov Mobile»



Декларацияны мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдар мен квазимемлекеттік сектордың қызметкерлері, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсыруға міндетті. Есептік активтер мен міндеттемелер туралы «кіріс» декларациясы (250.00-нысан) тапсырылғаннан кейін ұсынылады.

270.00 нысаны кіріс туралы ақпаратты, сондай-ақ шетелдегі мүлік: жылжымайтын мүлік, көліктер, бағалы қағаздар, цифрлық активтер, инвестициялық алтын және шетелдік компаниялардағы үлестер туралы мәліметтерді қамтиды. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама шеңберінде ірі сатып алулар мен шығындарды жабу көздері туралы мәліметтер көрсетіледі.

Қызметті eGov.kz порталында пайдалану үшін пайдаланушыға:

- порталға авторизацияланып, «Азаматтарға» - «Кеден және салықтар» - «Салық салу» бөліміне өтуі қажет;

- «Жеке тұлғаның кірістері мен мүлік туралы декларацияны қабылдау (270.00- нысан)» қызметін таңдауы және қажетті деректерді толтыруы;

- мемлекеттік кіріс органын көрсетуі;

- қолжетімді қол қою әдістерінің бірі арқылы қызметке қол қойыңыз;

- «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінен

өзіңіздің жеке кабинетіңіздегі өңдеу мәртебесін қарап тексеріңіз.

Қызметті eGov Mobile мобильді қосымшасында пайдалану үшін пайдаланушы:

- eGov мобильді қосымшасына авторизациялауды жасап, «Қызметтер» бөлімінде «Салық және қаржы» бөліміне өтуі қажет;

- «Жеке тұлғаның кірістері мен мүлік туралы декларацияны қабылдау (270.00-нысан)» қызметін таңдап, қажетті деректер нысанын толтыруы;

- мемлекеттік кіріс органын көрсетуі;

- қолжетімді қол қою әдістерінің бірі арқылы қызметке қол қойыңыз;

- «Қызметтерді алу тарихы» бөліміндегі жеке кабинетіңіздегі өңдеу мәртебесін тексеріңіз.

Сондай-ақ, декларацияны kgd.gov.kz порталында және eSalyq Azamat мобильді қосымшасында «Салық төлеуші кабинеті» арқылы тапсыруға болады.

Көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік қызметтер комитетінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Қаржы министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА
ӘСКЕРИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ҚАЙТА
ҚАБЫЛДАУ ҚЫЗМЕТІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

eGov Mobile қосымшасында әскери оқу орындарына қайта қабылдау қызметі іске қосылды

В eGov Mobile запущена услуга восстановления в военные учебные заведения



Енді әскери оқу орнына қайта қабылдануға өтінішті смартфон арқылы беруге болады. eGov Mobile мобильді қосымшасында «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қайта қабылдау» қызметі қолжетімді болды. Бұған дейін бұл қызмет eGov.kz порталында ұсынылатын.

Қызмет кемінде бір семестр білім алған әскери оқу орындарының бұрынғы курсанттарына арналған. Өтініш цифрлық форматта қалыптастырылады, ал қажетті деректердің басым бөлігі мемлекеттік ақпараттық жүйелерден автоматты түрде жүктеледі. Бұл процесті барынша оңай әрі ыңғайлы етеді. Алайда өтінішті оқудан шығарылған сәттен бастап бір жыл ішінде ғана беруге болатын әскери қажет.

Қызметті пайдалану үшін:

- eGov Mobile мобильді қосымшасында авторизациядан өту қажет;
- «Қызметтер» - «Әскери есепке алу» бөліміне өту керек;
- «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қайта қабылдау» қызметін таңдау қажет;
- оқу орны мен оқудан шығарылған мерзім туралы ақпаратты көрсету;
- жеке деректерді өңдеуге келісім беру;
- қажетті құжаттарды жүктеу керек;

- ЭЦҚ немесе баламады тәсілдер арқылы өтінішті қол қою қажет.

Қызмет тегін ұсынылады, көрсету мерзімі - 20 жұмыс күні. Өтінішті қарау нәтижесі «Жеке кабинет тарихы» бөлімінде қолжетімді болады. Егер қайта қабылдануға мүмкіндік болмаса, қолданушы дәлелді бас тарту туралы жауап алады.

Айта кету керек, «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қайта қабылдану» қызметі eGov.kz порталында да қолжетімді.

Жаңарту ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Қорғаныс министрлігінің бірлескен жұмысы нәтижесінде іске қосылды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ,
«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

АДАЛ АЗАМАТ

І ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП
БАРЛЫҚ МЕКТЕПТЕ ЖАҢА ТӘРБИЕ
БАҒДАРЛАМАСЫ ЕНГІЗІЛЕДІ

Жаңа оқу жылынан бастап еліміздегі барлық білім беру ұйымдарында, соның ішінде жекеменшік мектептерде де тәрбие жұмысы «Адал азамат» атты біртұтас бағдарлама негізінде жүргізіледі.

Бұл - бұрын жүзеге асырылған «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының жалғасы, бірақ мазмұны жаңартылып, Мемлекет басшысының «Адал азамат - адал еңбек - адал табыс» идеологиялық қағидасымен үндестіріл.

Бағдарламаның үйлестірушісі Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА мәліметінше, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен ресми түрде жаңа атауы бекітілген.

Оның мақсаты - адал, еңбекқор, елжанды азаматтар тәрбиелеу. Тәрбие жүйесі жалпыұлттық құндылықтарға негізделіп, мектеп, ата-ана және қоғам арасындағы байланысты нығайтуға бағытталды.

Алғаш рет бұл бағдарлама жекеменшік мектептер үшін де міндетті болмақ. Бұл тәрбие жұмысының ел көлемінде бірізді стандартпен жүргізілуіне және барлық оқушылар үшін тең орта қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Барлық мектептер үшін бірыңғай визуалды стандарт - брендбук әзірленеді. Мектептің ішкі және сыртқы келбеті ұлттық тәрбиелік құндылықтар мен мәдениетті бейнелейтін ортаға айналады.

Тәрбие жұмысын жүзеге асыруда барлық тараптардың өзара бірлесіп қызмет атқаруына ерекше көңіл бөлінеді. Мектептердегі тәрбие ісі мемлекеттік органдармен, құқық қорғау, денсаулық сақтау, ішкі саясат саласындағы құрылымдармен тығыз

жүргізіледі.

Ай сайын белгіленген тақырыптар сабақпенсыныптан тыс-шараларды бір-бірімен сабақтастырады. Мысалы: әділдік, еңбекқорлық, патриотизм сынды құндылықтар оқу процесінің өзегіне айналмақ. Осы бағытта мектеп өміріне «Өнегелі 15 минут», күй әуенімен қоңырау соғу, ұлттық ойындар секілді жаңа форматтар енгізіледі. Сонымен қатар, оқушының мектеп қабырғасынан тыс өмірлік тәжірибесін байытуға да ерекше көңіл бөлінеді.

Бұған дейін іске асқан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Қамқор» (экология және волонтерлік), «Еңбегі адал - жас өрен» (еңбекке баулу және мамандыққа бағдар), «Smart Bala» (IT және инновациялық ойлауды қолдау), «Шабат» (өнер мен мәдениет арқылы рухани даму), «Ұшқыр ой алаңы» (пәкісайыс пен зияткерлік ойындар), «Балалар кітапханасы» (оқу сауаттылығы мен кітап мәдениетін дамыту) секілді алты ірі жоба жүзеге асқан болатын.

Сонымен бірге, буллингтің, құқықбұзушылық пен балалар арасындағы қауіптің алдын алуға бағытталған жобалар өз жұмысын жалғастырады. Олар: «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам», «Буллингтен қорған!», «Қауіпсіз қоғам».

Бұл бағдарлама - еліміздің барлық мектептерінде біртұтас тәрбиелік орта қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам.

Директор - бас редактор
Нелі ГОИЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШС

Редакцияның мекен-жайы: 150800 Солтүстік
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Бұлаев көшесі, Батыр Баян үйінің, 13 үй.

Тел: 2-17-49.
Баспадан нөмірі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады

«Magzhan zhuldizi» газеті
редакцияда терісін беттеді.
«Сенерный Казахстан»
баспаханасында басылды.
(Петропавл қ., Коммунал к-сі, 5 үй).
Тарамағы - 615

Газет аудан ақсіннің, аудандық
мәслихаттың тапсырмасы бойынша
шығарылады және газеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізуіне ресми басшылық болып
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, ретсизияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселесі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады